



Т

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№42 (1884)

Жұма, 24-қазан 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті



KIA QAZAQSTAN АВТОМОБИЛЬ ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев телекөпір арқылы KIA Qazaqstan автомобиль зауытын ашты. Мемлекет басшысы іс-шараға қатысушыларды зауыттың ашылуымен құттықтап, бұл еліміздегі машина жасау саласын дамыту бағытындағы өте маңызды қадам екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысы осыдан екі жыл бұрын Қостанайға сапары кезінде KIA Sportage автокөлігінің өндірісі іске қосылғанын еске салды. Бүгін KIA Motors корпорациясымен жасалған келісімге сәйкес зауыт ашылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев KIA Corporation президенті Хо-сунг Сонға және компанияға шынайы ризашылығын білдіріп, ауқымды жұмыс атқарылғанын, нәтижесінде өзара тиімді және жемісті байланыс нығая түскенін атап өтті.

— Жалпы, бүгінгі айтулы оқиға Қазақстан мен Корея арасындағы стратегиялық серіктестік пен табысты қарым-қатынастың жарқын көрінісі екені анық. Корея Республикасы — Қазақстанның Азиядағы сенімді әріптесі. Біз ынтымақтастығымызды күшейте түсуге мүдделіміз. Қазір Қазақстанда Кореяның 800-ден астам компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Соның ішінде автокөлік жасау саласын өзара тиімді ықпалдастық көзі деп айтуға толық негіз бар. Бүгін ашылып жатқан бірегей зауыт — соның айқын дәлелі. KIA корпорациясы автомобиль шығаратын әлемдегі 10 ірі компанияның қатарына кіреді. Сондай-ақ KIA — Қазақстан азаматтары ең көп сатып алатын үш көлік маркасының бірі. KIA брендінің атауы «көтеріліп келе жатқан» және «Азия» деген екі иероглифтен құралуының символдық мәні бар. Шын мәнінде, компания Азияның жаңа экономикалық өрлеуі мен гүлденуінің жарқын көрінісіне айналды. KIA — келешектің корпо-

рациясы. Кәсіпорын шығаратын автокөліктерде озық технология, тартымды дизайн және жоғары деңгейдегі сенімділік үйлесім тапқан, — деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев KIA компаниясы әлеуметтік жауапкершілік аясында адам капиталын дамытуға белсенді түрде инвестиция салып келе жатқанына тоқталды.

— Әлемдік автоалпауыт еліміздегі зауытты іске қоспай тұрып, Қазақстан және Корея университеттерімен, колледждерімен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жолға қоя бастады. Бұдан бөлек, білікті кадрларды даярлау үшін компания корпоративтік оқу орталығын ашуды жоспарлап отыр. KIA осы арқылы қызметкерлерге қамқорлық — ұйым мәдениетінің маңызды бөлшегі екенін көрсетеді. Бұл шынайы құрмет пен ниеттестік ортасын қалыптастырады. Жұмысшы мамандарға дәл осындай қарым-қатынас қоғамда еңбекқорлық пен әлеуметтік әділдік құндылықтарының орнығуына септігін тигізеді. Зауытта өндіріс локализациясына екпін қойылып отыр. Бұл шығарылатын өнімдегі қазақстандық үлесті едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Сарапшылардың есебінше, автозауыттағы әрбір жұмыс орны логистика, сервис, инфрақұрылым салаларында жанама түрде бес-алты адамды жұмыспен қамтуға ықпал етеді. Бұл — жай ғана өндіріс желісінің кеңеюі емес, толық

өнеркәсіп кластерін қалыптастыру үшін жасалған зор қадам. Мұндай жүйеде шағын және орта бизнес тұрақты дамуға мүмкіндік алады. Өндірісті ұйымдастырудың осындай кешенді тәсілі Қостанай облысының ғана емес, тұтас еліміздің индустриялық әлеуетін күшейтеді. KIA зауыты қазақстандық автоөнеркәсіптің өркендеуіне тың серпін беретініне сенімдімін. Жаңа кәсіпорынның жұмысы отандық автопарктің жаңаруына септігін тигізеді. Ол қалалар мен күре жолдардағы жол қозғалысы қауіпсіздігіне оң әсер етеді, — деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттің машина жасау саласына баса мән беретінін жеткізді.

— Былтыр осы салаға 290 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды. Бұл — алдыңғы жылмен салыстырғанда екі жарым есе көп. Осы үрдіс биыл да жалғасуда. Жыл басынан бері осы салаға 178 миллиард теңге қаражат салынды. Инвесторлар Қазақстанға зор қызығушылық танытып отыр. Ауқымды шаралардың нәтижесінде бұл бағытта бірқатар табысқа қол жеткіздік. Өткен жылы елімізде 145 мыңнан астам көлік шығарылды. Астана, Алматы, Семей, Орал, Көкшетау, Қостанай және Саран қалаларында автокөлік өндірісіне қатысты кәсіпорындар жұмыс істеп тұр. Он мыңнан астам азаматымыз осы салада еңбек етеді. Оның жартысына жуығы — жастар. Ал Қостанайдағы зауытта бір жарым мың адам жұмыс істейтін болады. Жұмысшылар жаңа дағдыларды игеріп, білікті маман ретінде қалыптасады. Алдағы уақытта кәсіпорын инженерлердің нағыз шеберханасы болады деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жақында Үкіметке экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін нақты шаралар әзірлеу туралы тапсырма беріліп, осыған байланысты бірқатар маңызды шешім қабылданғанын айтты.

— Соған сәйкес енді азаматтарға автокөлікті лизингпен алу мүмкіндігі ұсынылады. Соның арқасында автокөліктер халыққа мейлінше қолжетімді бола түспек. Елімізде KIA Qazaqstan зауытының іске қосылуы осы саланы технологиялық тұрғыдан жаңғыртуға зор серпін берері сөзсіз. Кәсіпорын болашақта басқа да жаңа көлік түрлерін шығарады деп сенемін. Осылайша, әлемдік озық талаптарға сай көліктерімізді сыртқы нарыққа, яғни шетелге шығаруға мүмкіндік болмақ. Қазақстан жаһандық автокөлік өнеркәсібінің дамуына бар күш-жігерін салуға дайын, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев KIA Corporation президенті Хо-сунг Сонгты II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

— Біз Сіздің қазақ-корея ынтымақтастығының дамуына, қос халықтың арасындағы достықтың нығаюына қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймыз. Шын мәнінде, еліміздің автокөлік саласын дамытуға сіңірген еңбегіңіз мол, — деді Президент.

KIA Qazaqstan зауытын салу туралы шешім 2023 жылы қабылданды. Кәсіпорын Қостанай қаласының индустриялық аймағындағы 62,95 гектар аумақта орналасқан. Зауыт жылына 70 мың көлік өндіре алады. Инвестиция көлемі — 131,5 миллиард теңге. Кәсіпорында 1500 жұмыс орны ашылған. Ал оның өнімі Қазақстанға, Орталық Азия және ЕАЭО елдерінің нарықтарына шығарылады.

www.akorda.kz

ЖОЛДАУ-ІС ЖҮЗІНДЕ АККУМУЛЯТОР БАТАРЕЯЛАРЫНЫҢ ЖАҢА ТҮРІ ӨНДІРІЛЕ БАСТАДЫ

Жетісу облысында Республика күні қарсаңында «Қайнар-АКБ» зауытының жаңа өндірістік желісі іске қосылды. Мұнда резервте электр қуатын беруге арналған аккумулятор батареялары өндіріледі.

Зауыт ұжымын қуанышты сәтпен облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады:

— Жаңа жоба облыс экономикасын дамытуға, жергілікті халықты жұмыспен қамтуға ықпал етеді деп сенеміз. Бұрын автокөлік аккумуляторлары «Қайнар» зауытының танымал бренді болса, енді оның жаңа өнімдері де сапа мен сенімділіктің кепілі болғалы отыр. Біз отандық өнім өндіру ісін ұйымдастыруға септігін тигізетін осындай бастамаларды әрдайым қолдауға дайынбыз, — деген өңір басшысы бірқатар зауыт жұмысшыларына алдағы Республика күніне орай Құрмет грамотасы мен Алғыс хат тапсырды.

Өз кезегінде «Қайнар-АКБ» ЖШС бас директоры Ербол Ажмағамбетов облыс әкімдігінің қолдауына ризашылығын білдіріп, жаңа желінің жұмысы зауытқа тыныс беретінін атап өтті. Мұнан соң өңір әкімі мен зауыт басшысы символдық нүктені басып, жаңа желінің жұмысын ресми түрде бастап берді.

Зауыт жұмысшыларымен тілдескен Бейбіт Исабаев құю, үгіту, қаптау цехтарын аралап, жұмыс процесімен танысты.

Зауыт басшылығының мәліметіне қарағанда, жаңа жобаны іске асыруға әзірге 10 млрд. теңге инвестиция тартылған, алдағы уақытта инвестиция көлемі өседі деп күтілуде.

— Бұл біздің зауыттың үшінші өндірістік учаскесі. Жаңа желіде өндіретін аккумулятор батареялары резервте қуат беруге арналған, яғни белгілі бір нысанда электр тогы сөніп қалған жағдайда ток көзімен қамтамасыз ету үшін және телекоммуникация салаларында пайдаланылады, яғни корпоративтік сектормен жұмыс істеуге басымдық беріп отырмыз. Жобаның I кезегінде, яғни келесі жылы шамамен 100 мың аккумулятор батареяларын шығару жоспарланып отыр. Мұнда жұмыс істейтіндер саны 150 адамға жеткізіледі. Бұл желіге бұрыннан осы зауытта жұмыс істеп, өндірісті кәсіби деңгейде білетін азаматтар тартылып отыр, ал олардың босаған жұмыс орындарына жаңа мамандар қабылданады, — дейді бас директорың өндіріс жөніндегі орынбасары Талғат Қонақбаев.

Жаңа желіге тартылған мамандардың бірі Асқар Рахым жұмыстың барысы тура-



лы пікірін білдірді:

— Мен осы зауытта 2023 жылдан бері жұмыс істеймін. Алғашында жинақтау учаскесінен бастадым. Сол жылдардан бері кәсіпорынның өндірістік қуаты өскенін, аккумулятор сапасының жақсара түскеніне тұрақты куә болып келеміз. Сонымен бірге жаңа технологиямен жұмыс істеуді де меңгердік. Ол үшін бізді арнайы оқытудан өткізіп тұрады. Мұндағы жұмыс қиын емес, ең бастысы өз ісінді жақсы көріп, ынтымақтастық болғаны, — дейді ол.

Еске салсақ, «Қайнар-АКБ» зауыты - облыстағы ең ірі, жүйекұраушы кәсіпорынның бірі. Онда 1200 адам жұмыс істейді. Зауыттың Талдықорған қаласы

өнеркәсібіндегі үлесі қазір 33,6% құрап отыр. Бүгінде мұнда жеңіл және жүк автомобильдеріне, ауыл шаруашылығына, әскери техникада т.б. салаларда қолдануға арналған аккумулятор батареяларының 50-ден астам түрі шығарылады. Кәсіпорында аккумулятор өндірісінің толық автоматтандырылған циклі енгізілген - бөлшектерді құюдан бастап дайын өнімді құрастыруға дейінгі барлық құрамдас бөлшектер өндіріледі. Өнімдері Италия, Польша, ОАЭ, Ресей, Қытай және басқа да таяу шетелдерге экспортталады. Өткен сегіз айда мұнда шамамен 1,7 млн дана аккумулятор батареясы шығарылған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЕЛІМІЗДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ: ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында айтылған тапсырмаларын жүзеге асыру аясында елімізде білім беру жүйесін дамыту және білікті кадрлар даярлау бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Үкімет мектепке дейінгі тәрбиеден бастап жоғары білім мен ғылымға дейінгі барлық деңгейдегі білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға баса назар аударуда.



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ
2025 жылдың басынан бері елімізде 26,6 мың орынға арналған жаңа 303 мектепке дейінгі мекеме ашылды. Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал санаттарындағы барлық бала тегін тамақпен қамтамасыз етілген. Балалары балабақшаларға бармайтын ата-аналар үшін 5,5 мыңнан астам кеңес беру орталықтары жұмыс істейді.

«Ақша баланың соңынан жүреді» қағидатына негізделген ваучерлік қаржыландыру тетігі енгізілуде: пилоттық жоба 20 қала мен 7 ауданды қамтиды, 4,8 мыңға жуық мектепке дейінгі ұйым қатысады, 671 мыңнан астам ваучер берілді. Соның арқасында балабақша кезегі жартысына жуық төмендеді.

ОРТА БІЛІМ:
МЕКТЕП САЛУ ЖӘНЕ ЖАҢА РТ
2024-2025 жылдары жарты миллионнан астам орындық 359 мектеп, оның ішінде «Келешек мектептері» жобасы аясында 173 мектеп пайдалануға берілді. Жыл басынан бері 102 мектеп салынды (153,8 мың орындық), оның 68-і жоба шеңберінде, ал 34-і бюджеттен тыс қаражат көздер есебінен. Жыл соңына дейін тағы 92 мектеп, оның ішінде жоба аясында 44 мектеп ашу жоспарлануда.

245 мектепті күрделі жөндеуден өткізу 95 мыңнан астам оқушының білім алуына қолайлы жағдай жасайды. Қазірдің өзінде 132 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары аяқталса, 104 мекемеде жұмыстар жалғасуда, нысандардың бір бөлігі жыл соңына дейін, ал бір бөлігі 2026 жылға дейінгі екі жылдық жобалар аясында аяқталады.

КОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
2025 жылдың тоғыз айында балаларды қосымша біліммен қамту жалпы оқушылар санының 87,2%-ына дейін өсті, оның ішінде тегін үйірмелер мен секциялармен балалардың 62%-ы қамтылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға жоғары.

Қосымша білім беру ұйымдарының желісі өткен жылмен салыстырғанда 25 %-ға өсіп, екі мыңнан астам бірлікті құрайды.

Кейбір қалаларда келушілерді тіркейтін және үйірмелер мен секциялар жұмысының ашықтығын қамтамасыз ететін пилоттық цифрлық жоба жүзеге асырылуда.

БАЛАЛАРДЫҢ ДЕМАЛЫСЫ МЕН ОЛАРДЫ САУЫҚТЫРУ

Биыл балаларды сауықтыру және еңбекпен қамту өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 200 мың балаға, яғни 3,4 млн балаға дейін өсті. Мектеп жанында он мыңнан астам лагерь және қала сыртындағы 192 балаларға арналған сауықтыру орталығы жұмыс істейді. 2027 жылға дейін осындай 50 орталық құрылады. 2026 жылдан бастап білім беру-сауықтыру қызметтерін лицензиялау енгізіледі.

ТАМАҚТАНДЫРУ
Тегін ыстық тамақпен 1,7 млн мектеп оқушысы қамтылды. Олардың ішінде 1,4 млн астамы бастауыш сынып оқушысы және 340 мыңнан астамы әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балалары. Мектепке дейінгі ұйымдарда да осындай санаттағы 99 мың бала тамақпен қамтамасыз етілді.

2025 жылдың қыркүйек айынан бастап білім беру ұйымдарында көкөніс пен жеміс тұтынуды арттыруды, тұз, қант және май мөлшерін азайтуды, сондай-ақ табиғи емес өнімдерді алып тастауды көздейтін тамақтану стандарты енгізілді. Тамақтандыру сапасын қадағалау тосыннан тексеру ақылы жүзеге асырылады.

БАЛАЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
Өңірлерде 20 психологиялық қолдау орталығы жұмыс істейді. Онда 23 мыңнан астам жеке консультация өткізілді. Мектептерде «111» байланыс орталығының QR-кодтары орналастырылған. Жыл басынан бері 90 мыңнан астам балаға көмек көрсетілді.

Отбасылық орналастырудың жаңа нысаны – баланы қабылдайтын кәсіби отбасы енгізілді, оны қолдауға жергілікті бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлінді. Қорғанышлық органдары мамандарының штат саны 303-тен 1 006 адамға дейін артты.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарлама көмелетке толмаған балалар үшін жинақтаушы білім беру капиталын қалыптастырады. 2025 жылы Қазақстан Республикасының көмелетке толмаған 6,9 млн азаматының әрқайсысына \$100-ден астам қаражат аударылды. Бүгінде тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және білім беру ақысын төлеуге 186 мың өтінім берілді, оның ішінде жалпы сомасы \$22,9-дан астам болатын 156 мың өтінім орындалды.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ
2025–2026 оқу жылында 189 мың талапкер қабылданды, оның ішінде 145 мыңы — мемлекеттік тапсырыс бойынша. 9-сынып түлектерінің барлығы машина жасау, IT, энергетика және құрылыс сияқты сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін оқумен қамтылған.

Дуальді білім беру жүйесі бойынша 108 мың студент оқиды, жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 135 мыңға жеткізу жоспарланып отыр.

Қытай, Германия, Франция, Түркия, Оңтүстік Корея, Финляндия, Канада, Сингапур, Италия, Ұлыбритания және Швейцария колледждерімен академиялық мобильділік, халықаралық салалық аккредитация және стратегиялық әріптестіктің өзге де түрлері бойынша жасалған 50-ден астам халықаралық келісім білім сапасын арттыруға және түлектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Бұл жұмыстардың барлығы айтарлықтай нәтижелер беруде. Қазақстанның ұлттық құрамасы Данияда өткен Euroskills

Herning 2025 халықаралық кәсіби шеберлік чемпионатында жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Команда веб-технология, мехатроника, графикалық дизайн, желілік және жүйелік әкімшілендіру, инженерлік CAD дизайн сияқты 5 бағыт бойынша 7 үздік шеберлік медальонын жеңіп алып, «Ұлт үздігі» аталымында марапатталды.

Жұмысшы мамандарды қолдау мақсатында жеңілдетілген шарттарымен «Наурыз жұмыскер» ипотекалық бағдарламасы іске қосылды. 22 қыркүйектегі жағдай бойынша бағдарлама аясында жалпы сомасы 46,5 млрд теңге болатын 1,9 мыңнан астам несие берілді.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ
2025–2026 оқу жылына 93 мыңнан астам грант бөлінді. Шәкіртақы көлемі екі есеге жуық артты. Жаңа жатақханалар пайдалануға берілуде, 2018 жылдан бері орын тапшылығы 72,5%-ға қысқарды. Шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылды. 20 қазақстандық университет QS WUR 2026 рейтингіне енді, бес университет Times Higher Education тізіміне кірді, ал Назарбаев Университеті алғаш рет әлемнің үздік 500 жоғары оқу орнының қатарына қосылды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігіне белсенді интеграциялануда және жасанды интеллект саласында мамандар даярлауды дамытуда. AI-Sana бағдарламасы енгізілді, жасанды интеллект және кәсіпкерлік саласындағы бағдарлама бойынша 440 мыңнан астам студент білім алды.

ҒЫЛЫМ. ҒЫЛЫМДЫ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ

Satbayev University металлургия институтының технологиясы бойынша алғаш рет вакуумдық дистилляция әдісімен СТ-1 маркалы техникалық селен алынды. Назарбаев Университетінің ғалымдары литий-ионды аккумуляторлар үшін отандық шикізаттан катодты материалдар прекурсорларын өндіру технологиясын әзірлеп шығарды. Өндірістің әлеуетті көлемі \$40 млрд-қа бағаланып отыр.

Жаңа зерттеу орталықтары іске қосылды, 2025 жылы ғылыми жобаларды коммерцияландыру бойынша жаңа 62 шарт жасалып, жалпы 267 жоба жүзеге асырылу сатысында. Ғылыми жобаларға жеке инвестициялар көлемі бүгінде 20,4 млрд теңгеге жетті, алдағы уақытта тағы 8,8 млрд теңге тарту жоспарланып отыр. Жобалардың аяқталуына қарай жеке қоса қаржыландыру үлесі 32%-ға дейін өседі.

Кен пайдаланушылардың осы мақсатта аударған қаражаттарын бюджет арқылы орталықтандыру есебінен Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) қаржыландыру тетігі енгізілуде.

ТЕПЛОТВОРНЫЙ КОМПЛЕКС СНИЖАЯ НАГРУЗКУ НА КОТЕЛЬНОЮ «БАСКУАТ»

Отопительный сезон 2025–2026 годов в Талдыкоргане начался 7 октября. К системе централизованного отопления подключено 765 многоквартирных жилых домов, 210 бюджетных учреждений, 1286 частных жилых домов и более 900 других потребителей. Все объекты теплоснабжения работают в штатном режиме.

Какие меры принимаются по снижению нагрузки на котельную «Баскуат»?

Как ответил заместитель акима города Талдыкоргана Куаныш Сейтимбетов, в 2024 году проведена реконструкция 2,9 км тепловых сетей по улицам Дарабоз ана, Абая, Кабанбай батыра, Балпык би, Алдабергенова и Төлебаева. Благодаря этому часть центра города и объекты микрорайона «Каратал» были подключены к квартальным котельным №2 и №3. В результате нагрузка на котельную «Баскуат» снизилась на 12% или 22 Гкал/ч.

С 2024 года в Талдыкоргане ведется строительство квартальной котельной мощностью 49 Гкал/ч. Стоимость проекта составляет 11,1 млрд тенге, ввод в эксплуатацию запланирован к началу отопительного сезона 2026 года. После ввода в строй к новой котельной будут подключены микрорайоны «Болашақ», «Бірлік», «Көктем» и «Құлагер». Это позволит дополнительно снизить нагрузку на «Баскуат» на 30 Гкал/ч.

24 марта 2023 года с ТОО «КазСантехПроект» был заключен договор на реализацию проекта «Реконструкция котельной «Баскуат». В рамках 1-го этапа предусмотрено строительство дополнительного корпуса и установка 2 котлов мощностью по 50 Гкал/ч. В настоящее время проект проходит комплексную государственную экспертизу, получение заключения ожидается в конце октября текущего года. Сумма первого этапа – 10 млрд тенге.

Также заключен договор на разработку проектно-сметной документации по реконструкции магистральной теплотрассы диаметром 700 мм (1-й этап, протяженность 3,1 км — от насосной станции № 3 по улице Жансугурова до улицы Гагарина). Проект выполняет ТОО «КазСантехПроект». Получение положительного заключения экспертизы ожидается в конце текущего года.

По словам заместителя директора КГП «Талдыкоргантеплосервис» Дидара Сапирова, в городе функционируют 10 котельных, из них 4 — квартальные. Начиная с 2020 года, проводится планомерная работа по переводу 5 квартальных котельных на газ и жидкое топливо. Так, в 2020 году модернизированы котельные №1 (мощность – 40,7 Гкал/ч, мкр «Жетісу») и №3 (увеличена мощность с 21 до 28,4 Гкал/ч, ул. Төлебаева). В 2021 году завершена реконструкция котельных №2 (увеличение мощности с 21 до 42,5 Гкал/ч, ул. Дарабоз ана) и №5 (мощность – 19,5 Гкал/ч, мкр «Восточный»). В 2024 году котельная №4 (мощность – 30 Гкал/ч, ул. Акылбекова) переведена с угля на газ. Эта работа со своей стороны также повлияла на снижение нагрузки на головную котельную.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА



Основал школу Дамир Нуркежанов, уроженец Ескельдинского района области Жетісу. Парень с детства передвигается на инвалидной коляске, однако физическое состояние не мешало ему учиться, развиваться и посвящать себя выбранному делу. Еще будучи студентом Жетысуского университета (специальность «Информационные системы»), он стал создавать компьютерные программы и писать код. Обучившись сам, стал учить друзей основам программирования, а потом и сторонних людей, запустив рекламу в социальные сети.

«Затем пришла мысль дальше развивать эту сферу – от-

крыть школу программирования, дополнительно добавив сферу робототехники, которая только развивалась. На четвертом курсе принял участие в конкурсе социальных проектов «Инклюзив IT» и выиграл грант на сумму 1 миллион тенге. На данные средства приобрел три ноутбука, три конструктора, взял в аренду небольшое помещение и в декабре 2018 года открыл школу робототехники «Future-IT». А так как я еще работал программистом в IT-центре Жетысуского университета, то стал совмещать это дело с основной работой и учебой. Конечно, в первое время были свои трудности, поэтому я ушел с работы, окончил вуз и полностью посвятил себя развитию школы», - рассказал Дамир Нуркежанов.

Сегодня вместо одного кабинета у «Future-IT» два филиала в Талдыкоргане, где занимаются

СТРОИТЕЛЬСТВО ГОРОД РАСТЕТ – ТЕПЛОВАЯ МОЩНОСТЬ ТОЖЕ

В декабре прошлого года в городе Талдыкоргане было начато строительство квартальной котельной в юго-западном жилом районе. Ее ввод в эксплуатацию запланирован к началу отопительного сезона 2026 года.

Под строительство объекта выделено порядка двух гектаров земли. Его возведением занимается алматинская подрядная организация ТОО «АЗИЯЭНЕРГОПРОЕКТМОНТАЖ» по заказу ГУ «Отдел строительства города Талдыкорган».

«Мощность котельной составит 49 Гкал/ч, и к ней будут подключены новые микрорайоны «Болашақ», «Бірлік», «Көктем» и «Құлагер». Это позволит снизить нагрузку на головную котельную «Баскуат» на 30 Гкал/ч. Общая стоимость проекта – 11,1 млрд тенге, - рассказал начальник участка Алексей Календарев. – На строительстве задействовано около 80 человек, это как работники компании, так и местные жители. На сегодня 50 процентов работ завершено, продолжаться они будут без остановки и в зимнее время. После полного закрытия и остекления корпуса перейдем на внутренние работы».



Основное тепломеханическое оборудование для котельной закуплено в России, насосное – в Германии, электрооборудование и расходные материалы – у отечественных товаропроизводителей.

Технический надзор за реализацией проекта осуществляет ТОО «СК Энерго-OIL», авторский надзор – ТОО «Казахский Сантехпроект».

Отметим, что ТОО «АЗИЯЭНЕРГОПРОЕКТМОНТАЖ» основано в 1997 году, имеет региональные до-



черные компании и представительства в нескольких регионах страны. Более чем 25-летний опыт сделал компанию одним из лидеров на теплоэнергетическом рынке Казахстана. Она предлагает комплексные решения в сфере промышленного теплоснабжения и выработки электроэнергии, начиная со стадии проектирования, поставок оборудования, его монтажа и пусконаладочных работ по принципу «под ключ».

Компания укомплектована высококвалифицированным инженерным составом, обладающим большим производственным опытом, проектными и конструкторскими отделами, сварочной лабораторией. Есть постоянно обновляемые станочные и транспортные парки.

Клиентами Товарищества с ограниченной ответственностью являются АО «НК «Казахстан темір жолы», АО «НК «КазМунайГаз», Министерство обороны РК, Министерство внутренних дел РК, Министерство транспорта и коммуникаций РК и многие другие государственные структуры и организации.

Кто-то может сказать: зачем вы нам рассказываете про какую-то алматинскую компанию. Но дело в том, что она реализовала более 100 крупных проектов и более 20-ти из них приходится на Талдыкорган (18), Саркандский и Коксуский районы.

В частности, начиная с 2012 и по 2018 годы компания участвовала в строительстве магистральных сетей теплоснабжения и реконструкции тепловых сетей предприятия «Талдыкоргантеплосервис» в различных частях города, а также в реконструкции сетей водоснабжения и водоотведения КГП на ПХВ «Жетысу Водоканал». В 2020 году провела реконструкцию котельной №3 с переводом котлов на газообразное и жидкое топливо, в 2021 году – котельных №1, №2 и №5, в 2023 году – котельной №4.

Одним словом, вклад ТОО «АЗИЯЭНЕРГОПРОЕКТМОНТАЖ» в сферу строительства нашего региона значителен. Как отмечает его руководство, компания дорожит своими заказчиками и старается предлагать только качественное и эффективное комплексное решение любых вопросов в сфере теплоснабжения.

Ученики «Future-IT» – ОДНИ ИЗ ЛИДЕРОВ В РОБОТОТЕХНИКЕ

Более шести лет в Талдыкоргане работает школа робототехники «Future-IT». За этот период времени ее окончили более 1500 детей, и многие из них видят свое будущее в IT индустрии.

крыть школу программирования, дополнительно добавив сферу робототехники, которая только развивалась. На четвертом курсе принял участие в конкурсе социальных проектов «Инклюзив IT» и выиграл грант на сумму 1 миллион тенге. На данные средства приобрел три ноутбука, три конструктора, взял в аренду небольшое помещение и в декабре 2018 года открыл школу робототехники «Future-IT». А так как я еще работал программистом в IT-центре Жетысуского университета, то стал совмещать это дело с основной работой и учебой. Конечно, в первое время были свои трудности, поэтому я ушел с работы, окончил вуз и полностью посвятил себя развитию школы», - рассказал Дамир Нуркежанов.

Сегодня вместо одного кабинета у «Future-IT» два филиала в Талдыкоргане, где занимаются



около 180 учеников в возрасте от 5 до 14 лет. Это не только талдыкорганцы, но и дети из близлежащих населенных пунктов. Среди них Абдуллах Айтбосын из города Текели, ученик 9А класса средней школы №5: «В детстве мне очень нравилось собирать и моделировать конструкторы «Лего». Видя мое увлечение, мама нашла в Инстаграме информацию про данную школу робототехники, было всего 3-4 месяца со дня ее открытия. И вот уже более пяти лет, как

я ее посещаю. Вначале изучал одни программы, а последний год - программу «Arduino». Участвовал в республиканских соревнованиях, проходящих в Алматы и Астане, занял призовые 2 и 3 места в категории «RoboSport». Готовлюсь к международным турнирам. Здесь все настолько интересно, что хочу связать свое будущее с IT сферой».

Ученики школы, как и Абдуллах, активно участвуют в республиканских и международных турнирах и олимпиадах. За шесть лет они завоевали 93 призовых места. В частности, на международных соревнованиях по робототехнике FIRST в Китае команда «Future-IT» заняла 2 место среди 238 команд и завоевала серебряную медаль. На Центральноазиатском турнире Central Asia FIRST Lego League 2025 команда школы также заняла 2 место среди более чем 60 команд. На региональном отборочном этапе чемпионата FIRST ученики завоевали 1-е место («Champions Award Winner») и получили путевку на Центральноазиатский этап. Все учащиеся, участвовавшие в республиканском этапе международных соревнований по робототехнике FIBONACCI, стали победителями

и получили приглашение на международный этап в Турцию.

Обучают детей в общей сложности 10 преподавателей, преимущественно IT-специалисты, которые, прежде чем приступить к работе, прошли здесь же двухнедельные курсы. Особое внимание было уделено их техническому мышлению и способности находить общий язык с детьми, так как в каждой группе по 5-6 человек и к каждому из них требуется индивидуальный подход.

«В 2024 году я выиграл грант «Тәуелсіздік ұрпақтары» на 3 млн тенге и купил лазерный станок и подручные материалы, открыв для этого еще один кабинет. Хочу отметить, что мы также обучаем основам робототехники и учителей школ. В плане – организовать турнир и среди них. Кроме этого, планируем открыть новые филиалы «Future-IT» в районах области и даже других регионах страны, то есть дальше развивать нашу школу, но при этом сохраняя главное – создание среды, где каждый ребенок сможет раскрыть свой потенциал», - поделился мыслями 27-летний Дамир Нуркежанов, уверенно смотрящий в будущее и подающий яркий пример оптимизма для своих сверстников.

Материалы подготовила Алма УРАЗАЕВА



Құрметті қала тұрғындары және қадірлі қонақтар!

Сіздерді Ұлттық мерекеміз - Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Егемендігімізді дәріптеп, тәуелсіздігімізді паш етуде Республика күнінің тарихи маңызы зор. Бұл күні егемендігіміз ең алғаш жария етіліп, тәуелсіз ел ретінде танылды. Тәуелсіздігіміздің іргетасы қаланып, тұңғыш рет дербес шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін жаңа декларациямыз өмірге келді. Республика күнін елдік пен егемендікті, мемлекет тұтастығы мен патриотизмді дәріптейтін ұлы мереке десек, еш қателеспейміз. Бұл мереке баршамызға Қазақстан Республикасының негізі қаланған тарихи сәт ретінде өте қастерлі. Ұлттық мерекеміздің мән-мағынасын жас ұрпаққа түсіндіру, патриотизмді күшейтіп, ел бірлігін сақтау-әрбір Қазақстан азаматына артылған қасиетті борышы деп білемін.

Құрметті қауым!

Баршаңызды Республика күнімен құттықтай отырып, сіздерге амандық, бірлік, бақ-береке тілеймін. Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, келешегі кемел болсын!

Ернат БӘЗІЛ,

Талдықорған қаласының әкімі



ЖОЛДАУ- ІС ЖҮЗІНДЕ

ТАЛДЫҚОРҒАН ТҰРАҚТЫ ДАМУДА

Талдықорғандағы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында қала активінің жиыны өтті. Жиынға қала әкімі Ернат Бәзіл, Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы Темірболат Ахажан сондай-ақ өнеркәсіп, шағын және орта бизнес, ауыл шаруашылығы салаларының өкілдері қатысты.



Кездесу барысында Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында өнеркәсіп, шағын және орта бизнес пен ауыл шаруашылығы салаларындағы өзекті мәселелер талқыланды.

Жиынның басты мақсаты – қаланың өндірістік әлеуетін арттырып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жұмыстарды үйлестіру.

Сонымен қатар, жиын барысында инвестиция тарту, жаңа өндірістер ашу, шағын және орта бизнесті қолдау, ауыл шаруашылығы саласын дамыту мәселелері қаралды.

Қала әкімі Ернат Бәзіл қойылған міндеттерді жүзеге асыру бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударылатынын атап өтіп, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін нақты шаралар қабылданатынын жеткізді.

Ернат Бәзіл, Талдықорған қаласының әкімі:

– Қаламызда инвестиция көлемі тұрақты өсіп келеді. Соңғы екі жылдың ішінде қалада 6 жаңа өндіріс іске қосылып, индустриялық аймақта 4 кәсіпорын өз жұмысын бастады. Нәтижесінде түрлі салаларда 470-тен астам жаңа жұмыс орны ашылды. Қазіргі таңда 82 кәсіпорын тұрақты түрде жұмыс істеп, өнім өндірумен қатар жаңа жұмыс орындарын ашуда. Ендігі міндет-қаламызда өндірісті өртарпақтандыру арқылы тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету, - деді.

Сондай-ақ, жиын барысында Балықты өзенінің қазіргі экологиялық жағдайы талқыланып, қала әкімі бұл мәселені шешу мақсатында тиісті мекемелерге тұрақты бақылау орнатып, заң шеңберінде қажетті шараларды қабылдауды тапсырды.

Айта кетейік, ауыл шаруашылығы саласын жандандыру мақсатында биыл «Кең дала», «Агробизнес», «Іскер» мемлекеттік бағдарламалары аясында 49 шаруа қожалығының иесіне жалпы сомасы 1,5 млрд теңгені құрайтын жеңілдетілген несие берілді.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ТАҒДЫРЛЫ БЕЛЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнінің мән-маңызына тоқталып: «Бұл – қазақтың мемлекеттілік дәстүрі қайта жаңғырған тарихи күн. Көк түріктер дәуірінен, Алтын Орда мен Қазқ хандығы заманынан жалғасып келе жатқан елдігіміз өз тамырын тапқан күн. Бұл – Алаш арыстарының азаттық жолындағы арман-мақсаты ақталған күн», – деп атап өткен болатын. Бұл ел тарихындағы тағдырлы белес. Осынау жауапты сәттегі Қазақстанның егемендігі туралы декларация жұртымыздың талап-тілегіне сай жазылды, мемлекеттің саяси, экономикалық және құқықтық дербестігі айқындалған еді.

Самғат ДОЛАЕВ, «Н.Островский атындағы №8 орта мектеп» КММ директоры:

– Қ.Тоқаев «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек» – деп тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керектігін баса айтқан болатын. Бұл күн – болашақтағы өркендеу мен дамуға негіз болған мемлекетіміздің жандануы мен нығаюының көрінісі. Яғни, бұл күннің ұлттық мереке ретінде бекітілуінің өзі мемлекеттілік пен егемендік тұрғысынан маңызды қадам. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының келешегі кемел, болашағы жарқын деп білемін. Төрт құбыламыз түгел, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Қайрат САРҚЫТОВ, С.Мұратбеков атындағы №9 орта мектеп директоры:

– Баршаңыз үшін осы күннің мәні де, маңызы да жоғары. Бұл күн – ұлттық қасиетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, әлемге қазақты рухы биік, намысы берік халық ретінде жариялаған күн. Егемен ел болған жылдан бері бәсекеге қабілетті экономиканың негізі қаланды, осылайша Орталық Азия өңірінде көш бастап келеміз. Басталған реформалар жалғасын тауып, тұрғындарға ыңғайлы орта қалыптастыру, білім, денсаулық сақтау саласында қызмет көрсетуді жақсарту, цифрландыру бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Ата-бабамыздың қасық қаны қалғанша күресіп, бізге мұра еткен ұлы даламызда өмір сүріп, еңбек етудің өзі үлкен бақыт. «Алтын ұяң – Отан қымбат, туып-өскен елің қымбат, кіндік кескен жерің қымбат».

Толқын ҚҰРМАНҒАЛИЕВА, Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының бөлім меңгерушісі:

– 25 қазан – еліміздің тарихындағы ерекше күн. Бұл күн – Тәуелсіз Қазақстанның жаңа дәуірге қадам басқан мерейлі мейрамы. Біз, кітапханашылар, әрқашан елжандылық пен патриотизм рухын жанымызға серік етіп, еліміздің дамуына, мәдениетіміздің өркендеуіне өз үлесімізді қосып келеміз. Кітапхана – бұл тек кітаптар шоғыры емес, ол – білімнің, тәрбиенің, рухани байлықтың қайнар көзі. Біздің басты міндетіміз – халқымыздың, әсіресе жас ұрпақтың санасына отансүйіштік сезімді сіңіріп, олардың бойында елге деген махаббатты, құрметті қалыптастыру. Мерейлі күнде баршаңызға мықты денсаулық, отбастарыңызға амандық, еліміздің игілігі жолындағы жұмыстарыңызға толағай табыстар тілеймін!

Жадыра БІРЖАНҚЫЗЫ, кәсіпкер:

– Республика күні бізге ата-бабамыз аңсаған еркіндік рухын, ел болудың қадірін сезіндіреді. Егемендік декларациясы қазақ халқының ғасырлар бойғы арманын жүзеге асырған тарихи құжат. Сол сәттен бастап халқымыз өз жолын таңдап, өз болашағын өзі айқындауға мүмкіндік алды. Бұл тек саяси шешім емес, ұлттық рухтың жаңғыруы болатын. Мен Республика күнін еңбек пен мүмкіндіктің символы деп білемін. Біздің бұныға тәуелсіздікпен бірге өз ісін ашуға, жаңалық енгізуге жол ашылды. Мемлекет еркін азаматтарға сенім артты. Ендігі бізге артылған аманат – мемлекетті нығайту, тіліміз бен мәдениетімізді өркендету, ел намысын биік ұстау.

Құралай НҰРЖАНҚЫЗЫ, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенті:

– Республика күнінің өз дәрежесінде атап өтілуі бұл мемлекетіміздің егемендігі, тәуелсіздігін болашақ ұрпаққа тарих деп ұлықтау, ең бастысы, тарихымызды ұрпақтың санасынан жойып алмау үшін қажет. Тарих жылнамасына қарасақ Тәуелсіздігімізді алуымызға дәл осы күн әсер етті. Қазіргі таңда Қазақстан экономикасы дамыған, халықаралық дәрежеде өзге мемлекеттермен тең түсетін зайырлы мемлекет. Мен тәуелсіз елдің баласымын, өз пікірімді ашық айта аламын, арманыма еркін жете аламын. Бұл – нағыз бақыт. Республика күні болашағымыз үшін жауапкершілік алуға шабыттандырады. Бүгінгі ұрпақтың әр өкілі бұл мерекеңі ерекше қарсы алады. Бірі – өткенді еске алады, бірі – бүгінге шүкір етеді, енді бірі – болашаққа сеніммен қарайды. Бірақ бәрін біріктіретін бір сөзім бар: ол – елге деген сүйіспеншілік.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ



ЕСКЕРТКІШТЕР ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ



«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Республика күні қарсаңында Ескелді би, Балпық би, Қабаласа жырауға арналған «Үш ата» монументі мен Қабанбай батыр ескерткіші орналасқан аумақтарда абаттандыру жұмыстары толықтай аяқталды. Осы орайда Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл, қоғамдық кеңес мүшелері мен ардагерлер аталмыш нысандарды аралап, жұмыс нәтижесімен танысты.

рих тұлғалардың ескерткіштерінің айналасын заман талабына сай абаттандыруды жоспарлап отырмыз», – деді. Еске сала кетсек, «Үш ата» монументі 2006 жылы ел бірлігін дәріптеу және жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресте ерен ерлік көрсеткен үш тарихи тұлғаға арналған болатын. Ал, 2010 жылы орнатылған Қабанбай батыр ескерткіші қазақ халқының азаттығы жолында қол бастаған даңқты қолбасшының рухына тағзым ретінде бой көтерген. Бүгінгі таңда қала аумағында ұлттық тарихымыз бен руханиятымыздың символына айналған 15 тарихи тұлғаның еңселі ескерткіші бар. Бұл мәдени нысандар ескеңе ұрпаққа ел тарихын танытып, отансүйіштік рухты нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Ардагер журналист, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Әміре Әрін «Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Бабалар аманатына адал болайық» деген. Бұл ең алдымен Отанды сүю, ел қорғаған батырларға тағзым ету. Мемлекетімізде рухты көтеру мәселесі алдыңғы қатарда. Ата - бабаларымызға құрмет көрсету - біздің қасиетті міндетіміз. Тарихтың тереңіне көз жүгірту, жас ұрпақты тәрбиелеу ең басты қағида деп білемін. Бұл тұрғыда қаламызда бірқатар шаралар ұйымдастырылуда. Соның бірегейіне дәл қазір күй болып отырмыз. Республика күні қарсаңындағы өзгеріске қуаныштымыз. Ескерткіштерге ерекше көңіл бөліп, қалпына келтіру жұмыстары бастамасын көтерген облыс, қала басшылығына алғыс айтамын» - деп ізгі тілегін жеткізді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ХАЛЫҚПЕН АШЫҚ ДИАЛОГ



Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл 10 тұрғынды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдау барысында азаматтар әлеуметтік көмек көрсету, жол сапасы, тұрғын үй құжаттарын рәсімдеу, жеке кәсіп бастау үшін жер телімінің қажеттігі, көпқабатты тұрғын үйлердің шатыр жабындысы мен қасбетін жаңарту, үйді жекешелендіру сияқты өзекті әлеуметтік мәселелерді көтерді.

Кездесу кезінде қала әкімі әрбір өтінішке мұқият назар аударып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

«Халықпен ашық диалог орнатып, әрбір тұрғынның мәселесіне назар аудару біздің басты міндетіміз. Көтерілген сұрақтардың барлығы назарда ұсталып, кезең-кезеңімен шешімін табатын болады», – деді қала әкімі.

Сонымен қатар, Ернат Дүйсенбекұлы барлық көтерілген мәселелер жеке бақылауға алынатынын және олардың оң шешілуіне жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

САПАЛЫ ӨНІМДЕР,
ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒА

Республика күні мерекесі қарсаңында Жетісу облысында өңірдің 8 ауданы мен 2 қаласының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қатысуымен күзгі жәрмеңке өтті.



Талдықорған тұрғындары мен қала қонақтары жәрмеңкеде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерден тікелей балғын әрі сапалы өнімдерді қолжетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік алды.

Жәрмеңкеде шамамен 80 тонна болатын 54 түрлі (көкөністер, ет, балық және сүт өнімдері, жеміс-жидектер, қант, бал және т.б.) өнім ұсынылды.

Жәрмеңке бірінші кезектегі облыс орталығында азық-түлік бағасын тұрақтандыру және жергілікті өнім өндірушілерді қолдау мақсатында ұйымдастырылды.

Роза Саматова, Талдықорған қаласының тұрғыны:

– Жәрмеңкеге ұн, пияз сатып алу үшін келген едік. Мұндағы сан алуан көкөністер мен балық, сүт өнімдерін көріп, қызығушылығымыз артып, талай азық-түлік сатып алдық. Сапасы да тамаша екен. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз.

Әмірхан Жайдарханұлы, Көксу ауданының тұрғыны:

– Талдықорған қаласында үлкен жәрмеңке өтетінін естіп, көршілерімізбен келдік. Міне, өздеріңіз көріп тұрғандай, ет, балық, картоп, жемістер сатып алып, қуанышпен қайтып барамыз. Облыс, қала басшыларына рақмет айтамыз.

Лидия Федорова, қала тұрғыны:

– Жыл сайын ұйымдастырылатын жәрмеңкені асыға күтеміз. Бүгін ауа райы да жақсы. Жаңа сойылған малдың еті мен балық, сүт өнімдерін сатып алдым. Бағасы да көңілімізден шықты. Ұйымдастырушыларға да, кәсіпкерлерге де алғыс айтамын.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

СУ АРНАЛАРЫН ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ

Жетісу облысына жұмыс сапары кезінде Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов өңірдің су шаруашылығы нысандарының жай-күйімен және олардың жұмысымен, сондай-ақ бірқатар ірі жобаның іске асу барысымен танысты.

Көксу ауданында ведомство басшысы Ислам даму банкінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан ирригациялық және дренаждық жүйелерді реконструкциялау жобасын тексерді. Оның бірінші кезеңінде жалпы ұзындығы 108,7 шақырым болатын 9 канал жөнделіп жатыр. Бұл жұмыстар келесі жылы аяқталады деп жоспарланған.

Жобаның екінші кезеңінде тағы 157,8 шақырым канал реконструкцияланады. Барлық жұмыс аяқталған соң Көксу ауданындағы суармалы жер көлемі 13,6 мың гектарға ұлғаяды.

Ақсу ауданында каналдарды бетондау жұмыстары жалғасып жатыр. Бүгінде жобаның 75 пайызы

орындалған. Толық аяқтау келесі жылға жоспарланған. Каналдарды бетондау нәтижесінде 11 мың гектар жерге тұрақты су жеткізіледі. Нұржан Нұржігітов жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

«Жетісу облысында іске асырылып жатқан жобалар өңірдің ауыл шаруашылығы әлеуетін арттыруға, яғни суармалы жерлердің көлемін көбейтуге бағытталған. Барлық жұмыс кестеге сай жүріп жатыр және уақытында аяқталуы керек. Біздің министрлік ауқымды жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялар мен гранттық қаражатты белсенді тартып отыр. Енді осы

АПАТТЫ ҮЙ ТҰРҒЫНДАРЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Талдықорғандағы апатты жағдайдағы үйлердің тұрғындары Республика күні қарсаңында баспанаға ие болды. Қала әкімі Ернат Бәзіл алты отбасыға «Жастар-1» тұрғын үй алабынан, сонымен қатар «Құлагер» және «Шығыс» шағын аудандарынан бір, екі және үш бөлмелі жаңа пәтердің кілттерін салтанатты түрде табыстады.

Ернат Дүйсенбекұлы тұрғын үймен қамтамасыз ету халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған игілікті іс екенін, бұл Президенттің қойып отырған басты талаптарының бірі екенін атап өтті: «Бұған дейін апатты деп танылған баспаналарда тұратын тұрғындарға тек екінші нарықтағы тұрғын үйлер ғана беріліп келген болатын. Енді облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың тапсырмасына сәйкес, апатты баспанада тұратын азаматтарға тек жаңа пәтерлер берілетін болады», – деді. Сондай-ақ, қала әкімі биыл 20 отбасы жаңа пәтерге ие болатындығын тілге тиек етті. Атап айтқанда бұған дейін жайсыз баспанада тұрып келген тұрғындардың бесеуі. Қала күні мерекесінде қоныс тойын тойлады. Тағы алты отбасы Республика күні қарсаңында жаңа баспанасына кірмек. Қалған тоғыз от-



басы жыл соңына дейін пәтер кілтін алады. ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес, жергілікті атқарушы орган көппәтерлі тұрғын үйлерге мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізуді қамтамасыз етеді. Аталмыш зерттеу жұмысы тұрғын үйлердің күрделі жөндеуді талап ететінін немесе апаттық жағдайда екендігін анықтайды. Осы орайда «2022–2025 жылдарға арналған Реновация» бағдарламасы аясында 2022 жылы қала бойынша 19 үй, 125 пәтер апатты деп танылып, бағдарлама шеңберінде 100 отбасыға екінші нарықтағы тұрғын үйлер сатып алынып берілген болатын.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ЖАҢА САЯБАҚ – ТҰРҒЫНДАР ИГІЛІГІНЕ



қаражат бөлінді. Наурыз айында құрылыс жұмыстары басталды. Сапасы бойынша қатаң бақылауда болды» – деді. Осы аумақтың тұрғыны Назгүл Нұрланқызы «Мен мұнда төрт жыл бұрын көшіп келдім. Енді үйдің дәл жанында әдемі саябақ, демалуға арналған орын бар. Мектеп те өте жақын. Бұл біз үшін үлкен қуаныш. Азаматтардың әл - ауқатына қамқорлық жасағаны үшін осы істің басы-қасында жүрген барлық жанға алғысымызды білдіреміз» – деп атап өтті.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

«БІРЛІК» ШАҒЫН АУДАНЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ



Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «Бірлік» шағын ауданындағы №34 және 36 үйдің тұрғындарымен кездесіп, олардың көтерген мәселелерін тыңдады.

Тұрғындар кей пәтерлердегі жылу батареяларынан су кеткенін айтып, мәселені шешуді сұрады.

Өз кезегінде қала әкімі тұрғындардың көтерген мәселелерін қатаң бақылауға алып, «Exclusive Construction» ЖШС мердігер ұйымының өз қаражаты есебінен пәтерлердегі барлық ақауларды жоюды міндеттеді.

Еске салсақ, Жалайыри даңғылы мен «Бірлік» шағын ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлер «Самұрық-Қазына» АҚ-ның демеушілігімен салынып, мемлекет меншігіне берілген болатын. Бұл баспаналар тұрғын үй кезегінде тұрған әлеуметтік осал топтағы азаматтарға берілген.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Шаһар әкімі Ернат Бәзіл облыс орталығында жүргізіліп жатқан жол жөндеу жұмыстарының барысын арнайы аралап көргі.

Еске салайық, өткен аптада қала басшысы Шевченко – Құрманов көшелерінде су бұру желілерін төсеу жұмыстары кезінде асфальт жабындысы уақтылы қалпына келтірілмегені үшін мердігер ұйым «Диас Проект» ЖШС-нің жұмысын сынға алған болатын. Осыған байланысты, әкімдік тарапынан мердігерге ақауды жою үшін бір апта мерзім берілген еді.



Бақылау барысында аталған көшелерде қалпына келтіру жұмыстары басталып, жөндеу жұмыстары апта соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Ернат Бәзіл, Талдықорған қаласының әкімі:

– Талдықорған қаласындағы кез келген құрылыс және инфрақұрылымдық жұмыс ең алдымен сапаға негізделуі тиіс. Әрбір мердігер өз міндетіне жауапкершілікпен қарауы керек. Әкімдік тарапынан атқарылып жатқан барлық жұмыстар тұрақты бақылауда болады, – деді.



ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ



Талдықорған қалалық мәслихатының депутаттары қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қатысты бірқатар нысандарды аралады. Іс-шараның мақсаты – ағымдағы жылы бөлінген бюджеттік қаражаттардың игерілу барысымен және коммуналдық қызметтердің қысқы маусымға дайындығымен танысу болды.

Аралау барысында депутаттар көпқабатты тұрғын үйлердің шатырлары мен қасбеттерін жөндеу жұмыстарының сапасына, Еркін ауылдық округіндегі ауыз су жүйесінің жағдайына, арық желілерін, құрылыстар мен көпір өткелдерін қайта қалпына келтіру барысына, сондай-ақ қаланы абаттандыру мен көгалдандыру деңгейіне ерекше назар аударды.

Өз тілшіміз

ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетовтың төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі қалалық комиссияның кезекті отырысы өтті. Комиссия мүшелері мен мекеме басшылары қатысып, қысқы маусымға дайындық барысы жайын жан-жақты талқылады.

Жиында қала энергетикасы, коммуналдық-техникалық қызметтер мен көлік салаларының дайындық деңгейі пысықталды. Осы кезеңге байланысты жылу, су құбыры, электр және газ желілеріне жөндеу жұмыстарының басым бөлігі орындалды.

Сонымен қатар, 2025-2026 жылғы жылыту маусымында тұрғын үй секторында және ұйымдарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Қысқы кезеңде төтенше жағдайларға жедел әрекет ету және авариялық қызметтердің дайын болуына назар аударылып, өрт сөндіру гидранттары мен өрт техникасының қатаң бақылауда болуы керектігі айтылды.

Қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов:

– Қыстың қиын кезеңінде тұрғындардың қауіпсіздігі мен тұрмыс-тіршілігінің үздіксіз қамтамасыз етілуі біздің ең басты міндетіміз. Сондықтан барлық жауапты мекемелерге арнайы тапсырмалар беріліп, жоспарлы жұмыстар қатаң бақылауда болуы керек. Әрбір ақау мен қауіптің алдын алу үшін кешенді шаралар қабылдап, уақытылы әрекет ету қажет, – деді.

Сондай-ақ, Қуаныш Сейтімбетов білім беру мекемелері, әлеуметтік нысандар мен тұрғындар арасында өрт қауіпсіздігін арттыру мәселесіне ерекше назар аударуды тапсырды.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

БАСПА ІСІНІҢ ШЕБЕРІ

Қоғамның дамуы мен мәдениет өркендеуі көбіне сөз өнері мен баспа ісімен тығыз байланысты. Кітап, газет пен журнал халық санасына ой салып, білім мен тәрбие тарататын алтын көпір. Сол көпірдің ар жағында көзге көрінбей еңбек етіп жүрген адал жандар бар. Солардың бірі – Мауасаров Рүстем Асқарұлы. Өзінің маңдай терімен және кәсібіне деген шексіз сүйіспеншілігімен ерекшеленетін баспа маманы.



Рүстем Асқарұлы Талдықорған қаласының маңындағы Еркін ауылында дүниеге келген. Жастайынан техника мен шығармашылыққа қызыққан ол, уақыт өте келе баспа саласын таңдауды жөн көрген. Бұл мамандықты игеру үшін Алматы қаласындағы полиграфия колледжінде білім алып, баспа технологияларының қыр-сырын терең меңгерген.

Қазіргі таңда ол Талдықорған қаласындағы «Офсет» баспа үйінде қызмет атқарады. Бұл өңірдегі баспа өнімдерін сапалы дайындап, түрлі кітаптар, газеттер мен журналдарды жарыққа шығарып келе жатқан жетекші ұйымдардың бірі. Рүстем Асқарұлының айтуынша, әр басылымның жарық көруі ұжымдық еңбектің, ал сол еңбектің діңгегі техникалық дәлдік пен тиянақтылықтың нәтижесі дейді.

Ол заманауи СТП (Computer to Plate) аппараты арқылы мәтін мен суреттерді баспа қалыптарына түсіріп, өнімнің айқын әрі сапалы шығуын қамтамасыз етеді. Оның бұл салада үздіксіз еңбек етіп келе жатқанына 22 жыл болған.

«Баспа ісінде ұсақ-түйек деген болмайды. Бір әріптің қателігі, бір түстің бұрмалануы бүкіл жұмыстың сапасын түсіреді. Сондықтан ең басты қағида – тәртіп пен дәлдік. Бұл мен үшін ең маңызды дағды».

Жиырма екі жылдық тәжірибесі мен жауапкершілігінің арқасында ол баспа ұжымының сенімді тірегіне айналды. Өріптестері оны сабырлы мінезі, еңбекқорлығы және өз ісіне берілгендігі үшін ерекше құрметтейді. Оның тікелей қатысуымен өңірлік және республикалық маңызы бар көптеген басылымдар жарық көріп, оқырманға жетіп жүр.

Маманның айтуынша, соңғы жылдары баспа ісі де жаңарып, цифрлық технологиялармен қатар дамып келеді. Бірақ соған қарамастан, адам қолының шеберлігі мен тәжірибесі әлі де басты орында.

«Бүгінгі жастар жаңа технологияны жақсы меңгеріп келеді. Дегенмен, нағыз баспагер болу үшін ең алдымен ұқыптылық пен жауапкершілікті игеру қажет. Бұл – кез келген жұмыстың берекесі», – дейді Рүстем Асқарұлы жас мамандарға арнаған тілегінде.

Ол елімізде жұмысшы еңбегінің беделі артып, осындай көзге көрінбейтін, бірақ маңызды мамандықтардың қоғам назарында болғанын қалайды. Себебі әр басылым – ел мәдениетінің айнасы, ал сол айнаға шаң түсірмей ұстап тұрғандар – Рүстем сынды еңбек адамдары!

Арай НҰР

КӘСІБІМ-НӘСІБІМ

Облыс орталығы Талдықорғанда мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде қайтарымсыз грант алып, кәсіпкерлікті қолға алған азаматтардың саны жыл сайын артып келеді.

Биылдың өзінде қала бойынша 30 тұрғын қайтарымсыз грант иегері атанып, өз кәсібін бастауға мүмкіндік алды. Солардың бірі қала тұрғыны Талшын Тайжигитова. Ол «Береке нан» атауымен табиғи қоспасыз ашытқыдан дайындалған қолдың нанын пісіріп, күнделікті сатылымға шығарып отыр.

Сонымен қатар, Талшын тек нан өнімдерімен шектелмей, тәтті тоқаштарды да тапсырыспен әзірлеуде.

Талшын Тайжигитова, кәсіпкер:

– Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында өз ісімді одан әрі дамытуға зор мүмкіндікке ие болдым. Қамыр илеуге арналған барлық қажетті құрал-жабдықтарды сатып алдым. Қазір табиғи әрі сапалы өнімдерге сұраныс жоғары. Мемлекет ұсынып отырған мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, алдағы уақытта нан өнімдерін шығаратын шағын наубайхана ашуға ниеттімін, – дейді кәсіпкер.



«Мансап» орталығының мәліметінше, жобаның ашықтығы мен әділеттілігін қамтамасыз ету мақсатында барлық өтінімдер мен комиссия отырыстарының хаттамалары мұқият тексерілген. Гранттарды үлестіру барысында көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар және әлеуметтік осал топ өкілдеріне басымдық берілген.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ҰЛТ ҚАМЫ ЖОБА АЯСЫНДА ЖОЛДАМА БЕРІЛДІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында әскери қызметін абыроймен өтеген Текелі қаласының тұрғыны Сергей Нерогаға Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов Алматы технология университетінің электротехника және автоматтандыру факультетінде тегін білім алу сертификатын табыс етті.

Бұл мүмкіндік Мемлекет басшысының жастардың әскери қызметке қызығушылығын арттыру мақсатында іске асырылған «Срочник 2.0» жобасы аясында берілді. Сергей Нерода ҚР ҰҚК Шекара қызметі басшылығына және облыс әкімдігіне қолдау көрсеткені үшін алғысын білдіріп, алған білімін ел игілігіне жұмсайтынын атап өтті.

КӘСІБИ БАҒДАР САҒАТЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Қорғас» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары аға лейтенант Б. Маратұлы «Қорғас» орта мектебінің жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізіп, «Жоғарғы әскери оқу орындарына түсу» тақырыбында кәсіби бағдар беру сағатын жүргізді.



Іс-шара барысында оқушыларға әскери мамандықтардың маңызы мен қабылдау тәртібі жөнінде жан-жақты ақпарат берілді. Сонымен қатар, осы басқарманың оқу-жаттығу үйрету кавалериялық тобының офицері аға лейтенант Н.Нұрғали Текелі қаласы және Ескелді ауданы бойынша білім мекемелерінің 11-сынып оқушыларымен «Әскери жоғары оқу орындарына түсу» тақырыбында кәсіптік бағдар беру іс-шарасын өткізді.

Кездесу барысында офицер оқушыларға әскери қызметтің маңыздылығын, әскери жоғары оқу орындарына қабылдау талаптарын және Шекара қызметіндегі қызметтің ерекшеліктерін түсіндіріп өтті. Іс-шара жастардың Отан қорғауға деген қызығушылығын арттыруға және болашақ мамандық таңдауда бағыт-бағдар беруге бағытталды.

Осындай шара ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Басқұншы» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лейтенант Б.Нарынбаевпен Алматы ауылының «Елтіңді батыр» орта мектебінің 10–11 сынып оқушыларымен «Оқушыларды жоғары әскери оқу орындарына түсу» тақырыбында кәсіптік бағдар беру мақсатында өткізілді.

Іс-шара барысында оқушыларға әскери мамандықтардың ерекшеліктері, әскери оқу орындарына түсу тәртібі мен талаптары түсіндірілді. Сондай-ақ лейтенант Б.Нарынбаев шекарашы мамандығының маңыздылығын атап өтіп, жастарды отансүйгіштікке, тәртіп пен жауапкершілікке шақырды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ИНСПЕКТОРМЕН КЕЗДЕСУ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Лепсі» шекара бөлімшесінің жеке құрамы Лепсі ауылының полиция инспекторы, капитан Ж.Дүйсембиновпен кездесті.



Кездесу барысында құқықбұзушылықтың алдын алу, құқықтық мәдениетті арттыру туралы айтылды. Сонымен қатар, қоғамдағы тәртіп сақтау ережелеріне тоқталып, азаматтардың құқықтық жауапкершілігі жөнінде сөз қозғады. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Әскери борышын өтеген сарбазға жоғары білім алу сертификаты табысталды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның

ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қаласы,
Өтенай ауылдық округі, Ынтымақ ауылы
21 қазан 2025 жыл,
сағат: 17:00
(№30 орта мектеп)

Көпшілік тыңдау отырысын жүргізген - №18 сайлау округінің депутаты, «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның төрағасы **Серік Максимұлы Жансеңгіров**.

Хатшы: қалалық мәслихат аппаратының бас маманы – **Әлібек Батырбекұлы Келдібек**.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Қатысқандар:

Талдықорған қалалық мәслихаттың депутаттары, қала әкімінің орынбасары, қалалық әкімдіктің, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және қала, 3-бөлімше, «Береке» тұрғын үй алабының тұрғындары.

Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның көпшілік тыңдау отырысын С. Жансеңгіров «ашық» деп жариялап, шақырылғандарды күн тәртібімен таныстырды.

Сөйлегендер:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы сөзді **Отырыс төрағасы** Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы **Эльмира Кенжеғалиқызы Мұқышеваға** берді. Бөлім басшысы 2 көше бойынша баяндама жасады.

Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Э.К. Мұқышева: Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай, жыл басынан бері Талдықорған қаласы және Өтенай ауылдық округі бойынша Республикалық ономастикалық комиссиясымен 20 ардагердің есімдері келісілген. Нәтижесінде жыл соңына дейін қаланың 13 көшесіне және Өтенай ауылдық округінің 7 көшесіне ҰОС ардагерлерінің есімдері берілетін болады.

Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында Республикалық ономастикалық комиссиясына ҰОС ардагерлері – Серғали Күнчаев, Абдықадыр Болсамбеков, Кәкімбай Қожахметұлы және Тәңірберген Әлімбаевтың есімдері ұсынылып, келісім алынған.

Аталған есімдер бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық ономастика комиссиясының №211 бұйрығының 2-тарауына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Осыған байланысты, қаланың оңтүстік-батыс бөлігінде (3-бөлімше) орналасқан екі жаңа көшеге төмендегі атауларды беру ұсынылады:

1. №4 жаңа көше (ұзындығы – 1,2 км) – «Абдықадыр Болсамбеков» көшесі.

Болсамбеков Абдықадыр (1923–2014 жж.) – Ұлы Отан соғысының ардагері. 1923 жылы Сарқан ауданының Қызылөскер ауылында дүниеге келген. 1942 жылы әскерге шақырылып, соғыс кезінде СМЕРШ қарсы барлау взводының командирі болған. 1947 жылы соғыстан оралып, Сарқан ауданында учаскелік қызмет атқарған. Кейін Текелі қаласында ішкі істер бөлімінің бастығы қызметін атқарды. Әскери маңызы бар Степногорск қаласына ауыстырылып, Мәскеудегі ІІМ жоғары мектебінде білім алған. Талдықорған қаласына оралып, генерал-майор атағын иеленді және облыстық милиция басқармасының бастығы қызметін атқарып, зейнеткерлікке шыққан.

2015 жылдан бастап Жетісу облысы полиция департаментінде Абдықадыр Болсамбеков атындағы мұражай жұмыс істейді (жұмысты қызы – Мадина Болсамбекқызы жүргізуде).

Марапаттары: II дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Халықтар достығы» ордені, «Жапонияны жеңгені үшін» медалі және көптеген Құрмет грамоталары.

2. №18 жаңа көше (ұзындығы – 995 м) – «Серғали Күнчаев» көшесі.

Күнчаев Серғали (1922–2000 жж.) – Ұлы Отан соғысының ардагері. 1922 жылы Ақсу ауданының Қапал ауылында дүниеге келген. 1941 жылы әскерге шақырылып, 1942–1945 жылдары Сталинград, Курск, Белгород, Харьков және Калининград бағыттарындағы шайқастарға пулемет бөлімшесінің командирі ретінде қатысқан. 1946–1948 жылдары Қапал аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде бюджет бухгалтері

қызметін атқарған. 1948–1969 жылдары Талдықорған қалалық сүт зауытының Көшкентал және Қоңыр сепараторлық бөлімшелерінің меңгерушісі, 1969–1985 жылдары Талдықорған қалалық кооперативтік сауда мекемесінде дайындаушы болып еңбек еткен.

Марапаттары: III дәрежелі «Даңқ» ордені, I дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін» және «Соғысқа қосқан ерлігі үшін» медальдары.

Құрметті қауым, аталған мәселе бойынша белсенді қатысып, өз ой-пікірлеріңізбен бөлісулеріңізді және қолдауларыңызды сұраймын!

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С.М. Жансеңгіров: Келесі сөз, Талдықорған қаласының тұрғыны Изатова Гульмира Сюбаевнаға беріледі.

Талдықорған қаласының тұрғыны Г.С. Изатова өз сөзінде Абдықадыр Болсамбековтің өмірбаянына тоқталып, оның ерліктері мен алған наградалары туралы, сондай-ақ қоғамдық қызметі туралы айтып өтті. Сондай-ақ ол Абдықадыр Болсамбековтің есімін көшеге беру жөніндегі ұсынысты қолдауды сұрады.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С.М. Жансеңгіров: Келесі сөз Талдықорған қаласының тұрғыны, Серғали Күнчаевтың ұлы Күнчаев Бауыржан Серғалиұлына беріледі.

Талдықорған қаласының тұрғыны Б. С. Күнчаев сөзінде әкесі Серғали Күнчаевтың өмірбаяны, еңбектері мен қоғамдық қызметі туралы айтып өтті. Ол әкесінің атын еске алу мақсатында бір көшеге оның есімін беру жөніндегі ұсынысты қолдауды сұрады.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С.М. Жансеңгіров: Құрметті көпшілік тыңдауға қатысушылар! Көшелерге беріліп отырған тұлғалар жайлы толық ақпарат берілді. Осымен дауыс беруге көшейік. Ол үшін осында қалалық мәслихат аппаратының бас маманы **Келдібек Әлібек Батырбекұлы** мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы **Рысбаева Сандуғаш Арнайқызы** отыр. Осы азаматтар дауыс санауды жүзеге асырады. Құрметті қатысушылар, қалай дауыс береміз: екі көшеге бірден бе, әлде әр көшені жеке-жеке қараймыз ба?

Тұрғындар 2 көшеге бірден тізіммен дауыс беруді ұсынды.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С.М. Жансеңгіров: Жақсы, аталған екі көшеге атау беруді кім қолдайды? Қарсы? Қалыс? Жоқ. Қабылданады.

Депутаттар мен тұрғындар бірауыздан бұл мәселені қолдап, дауыстарын берді.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С.М. Жансеңгіров: Сөз, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Саятбекұлы Андабековке беріледі.

Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Ж.С. Андабеков: Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Ұлы Отан соғысы жеңісінің 80 жылдығына орай, ардагерлердің есімдерін көшелерге беру жұмыстарын жүргізіп отырмыз. Біз бұл бастаманы толық қолдаймыз. Әрбір ардагер өз ерліктері мен батылдығы үшін лайықты құрметке ие. Олардың көрсеткен ерліктері, Отанына деген адалдығы ешқашан ұмытылмайды. Біз барлық ардагерлерді еске алып, олардың қызметін жоғары бағалаймыз.

Сіздің де, біздің де ата-әжелеріміздің арасында соғыста ерлік көрсеткендер бар. Олар үшін бейбіт өмір, тыныш қала мен гүлденген көшелер – ең үлкен құрмет. Әрбір ардагердің ерен еңбегі, қаһармандық іс-әрекеттері, алған марапаттары мен медальдары біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Дегенмен, туыстары ардагерлердің есімдерін қала орталығына беруді сұрауда. Өкінішке орай, орталықта атаусыз көшелер жоқ, сондықтан жаңа шағын аудандарда ардагерлердің есімдерін беру үшін басымдық берілуде. Әрбір ардагер құрметке ие және олардың ерліктері ұрпаққа үлгі болып қала береді. Біз олардың есімдерін сақтап, ұрпаққа жеткізіп, мәңгі есте қалдырамыз.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С.М. Жансеңгіров: Бүгінгі қаралған мәселе бойынша хаттама бұқаралық ақпарат құралдарында 7 жұмыс күні ішінде жарияланып, қалалық мәслихат пен әкімдіктің бірлескен шешімімен облыстық ономастикалық комиссияның қарауына ұсынылады.

Тұрақты комиссия төрағасы айтылған ұсыныс әлі де жергілікті атқарушы органмен бірлесе қаралатынын айтып, отырысты «жабық» деп жариялады.

Отырыс төрағасы

С. Жансеңгіров

Отырыс хатшысы

Ә. Келдібек



ТАЗАЛЫҚ ӨЗІҢНЕН БАСТАЛАДЫ

Облыс орталығы Талдықорғанда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында кең ауқымды сенбілік ұйымдастырылды.

Тазалық шарасына облыстық басқарма өкілдері, қалалық бөлімдердің қызметкерлері, коммуналдық мекемелер мен түрлі ұйымдардың өкілдері қатысты.

Сенбілік барысында қатысушылар қаланың әртүрлі аумақтарында тазалық жұмыстарын жүргізіп, қоқыс жинады, ағаштар мен гүлзарлардың айналасын ретке келтірді. Қоғамдық орындар, демалыс саябақтары, аулалар мен көшелер абаттандырылып, санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Қаратал өзенінің жағасы да қалдықтардан тазартылды.

Іс-шараның басты мақсаты – қала экологиясын жақсарту ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың табиғатқа және қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру.

Жалпы сенбілікке 2500-ге жуық адам қатысып, 25 арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 350 тоннадан астам қоқыс шығарылып, 2 шақырым арық желісі тазартылды.

СПОРТ

АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА БИЛЬЯРДТАН ТУРНИР ӨТТІ

Облыс орталығы Талдықорғанда Республика күніне орай қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі мен қалалық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновті еске алуға арналған бильярдтан XI халықаралық турнир өтті.

Спорттық іс-шара қала әкімі Ернат Бәзілдің құттықтау сөзімен салтанатты түрде ашылды. Қала басшысы қатысушыларды келе жатқан Республика күнімен құттықтап, турнирге қатысып жатқан ардагер спортшыларға сәттілік тіледі.

Қала әкімі Ернат Бәзіл:

– Бүгінгі турнир тек спорттық дода ғана емес, Нұрмолда Алдабергеновтің өнегелі өміріне, еңбекқорлық пен Отанға адал қызмет ету жолындағы ерліктеріне деген үлкен тағзым деп білемін. Ал жарысқа қатысып жатқан ардагер спортшылар өмірін салауатты өмір салтымен ұштастыра білген азаматтар. Осындай халықаралық деңгейде өтіп жатқан турнир елдер арасындағы достықты нығайтуға, мәдени және спорттық байланысты



арттыруға өз үлесін қосары сөзсіз, – деді.

Жарысқа еліміздің әр өңірінен келген командалармен қатар Қырғыз Республикасынан келген спортшылар да қатысты. Барлығы 11 команда өзара мықтыны анықтау үшін бақ сынасты. Турнир екі күнге жалғасты.

Айта кетейік, жарысқа Қазақстандық ардагер бильярдшылар одағы мен республикалық қоғамдық бірлестіктің құрамындағы 63 жастан асқан ардагер спортшылар қатысты.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

РУХАНИЯТ

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ – БОЛАШАҚТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Қазақ әдебиетінің алтын арқауы – ұлттың рухы мен ұрпақ тәрбиесі. Әдебиет арқылы адам баласын ізгілікке, мейірім мен адамгершілікке баулиды. Осы мақсатта мектебімізде «Балалар әдебиеті – болашақтың шамшырағы» атты әдеби-сахналық кеш жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларды қазақ балалар жазушыларының шығармаларымен таныстыру, әдеби мұраны дәріптеу, әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту және шығармашылық қабілеттерін дамыту болды. Сонымен қатар, балалардың сахна мәдениетін, сөйлеу шеберлігін, ойлау қабілетін жетілдіру де көзделді.

Кешке 6 және 7-сынып оқушылары белсене қатысып, қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің туындыларын сахна төрінде шеберлікпен орындады. Көрермен назарына Оралхан Бөкейдің «Тортай мінген ақ боз ат», Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа», Ыбырай Алтынсариннің «Дүние қалай

етсең табылад» сондай-ақ «Әке мен бала», «Жаман жолдас», «Қара батыр» сынды тағылымды шығармалары ұсынылды. Әр сынып өз көрінісін үлкен дайындықпен, шығармашылық көзқараспен ұсынды. Оқушылар кейіпкерлердің мінезін аша отырып, олардың бойындағы мейірім, еңбекқорлық, адалдық, достық секілді асыл қасиеттерді көрерменге әсерлі жеткізді.

Кеш барысында сахналық қойылымдармен қатар оқушылар көркем сөз оқу, мәнерлеп айту, жазушылар өмірінен деректер келтіру арқылы өздерінің әдебиетке деген қызығушылығын айқындай түсті. Көрермендер арасында ерекше әсер мен жылы ықылас туғызған бұл кеш нағыз рухани мерекеге айналды. Мұндай игі шаралар – ескеңең буынның бойына ізгілік пен білімнің нұрын ұялататын, рухани тұрғыдан байытып, шығармашылыққа жетелейтін маңызды бастама.

Б.ТӨЛЕГЕНОВА,

«Өтенай ауылындағы №21 орта мектеп» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, К.ХАРМЫСОВА, кітапхана меңгерушісі

ҚҰРМЕТТІ ӨТЕНАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 01 тамыздағы №211 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларының» 3-тарауына сәйкес, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Өтенай ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың жиыны өтетіндігі жөнінде хабарлаймыз. Жиында

Өтенай ауылдық округіне қарасты «Жастар-3» тұрғын үй алабы көшелеріне атау беру мәселесі қарастырылатын болады

Өтетін күні мен уақыты: 24.10.2025 ж., сағ.: 16:00

Өтетін орны: Өтенай ауылы, №21 орта мектеп.

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Кәкімбай Қожахметұлы көшесі	№16 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. «Жастар-3» тұрғын үй алабы
2.	Әлімбаев Тәңірберген көшесі	№12 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. «Жастар-3» тұрғын үй алабы



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘДЕБІ

Мемлекеттік қызметші – халық пен мемлекеттің арасындағы алтын көпір. Оның әдебі, сөйлеу мәнері, киім киісі, азаматтарға деген қарым-қатынасы – мемлекет бейнесінің көрінісі.



Сондықтан, әрбір қызметкер өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетінде үлгі болуға тиіс.

Мемлекеттік қызметшінің қызметтік міндеттерін орындаудағы және қоғаммен қарым-қатынасындағы мінез-құлқын реттейді. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы мен Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес, мемлекеттік қызметші әділ, сыпайы, ашық болуы керек, сонымен қатар азаматтардың құқықтарын құрметтеп, сенімін ақтауы тиіс.

Кодекс мемлекеттік қызметшінің қоғамдағы мінез-құлқына, моральдық-этикалық ұстанымдарына, қызметтік этика нормаларына нақты талаптар қояды. Бұл заңдар мемлекеттік қызметшінің адалдығы, әділдігі, бейтараптығы мен сыпайылығы сынды қасиеттерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, мемлекеттік қызметшінің әдебі – бұл этика, құқық және психология ғылымдарының тоғысқан нүктесі. Әдеп нормаларын сақтау – азаматтармен тиімді коммуникация орнатуға, шиеленістердің алдын алуға және мемлекеттік басқару тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

С.АХАН,

Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

М. ЕРЖАНОВА,
бас маман

ПОЛИЦЕЙЛЕР ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫН ӨТКІЗДІ

Талдықорған қаласындағы №1 Абай Құнанбаев атындағы орта мектепте полиция қызметкерлері танымдық қауіпсіздік сабағын өткізді. Кездесудің басты мақсаты – балалар қылмысының алдын алу және жас ұрпақтың өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау дағдысын қалыптастыру.



Полицейлер оқушыларға жақсылық пен жамандықты ажырата білудің, өз ісінің салдарын түсінудің және болашақты адалдық, сыйластық пен заңды сақтау негізінде құрудың маңыздылығын түсіндірді.

Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, сұрақтар қойып, өз пікірлерімен бөлісті. Тәртіп сақшылары күнделікті өмір мен интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударды.

Мұндай сабақтар жасөспірімдердің құқықтық санасын қалыптастырып, жеке жауапкершіліктің маңызын түсінуге көмектеседі. Себебі есейіп, табысты өмірге жетудің жолы дәл бүгінгі дұрыс таңдау мен саналы қадамнан басталады.

Жетісу облысының Полиция департаменті

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі медицина саласының ардагері, ардагерлер кеңесінің мүшесі

СӨРСЕМБАЕВ Салауат Сламжанұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Талсырыс №1087 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.